

ӘОЖ 81'373.46

«ЕТЕК» ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ ТІЛДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ

Ахмет Ақжібек Нұрланқызы

akjibekz@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Қ. Өмірбекова

Толық мағыналы сөздер, яғни *лексемалар* сөйлем құрылысында белгілі бір грамматикалық позицияларға орналасып, сол арқылы сөйлем мүшелері қызметін атқарады. Лексема грек тілінен «lexis» – «сөз», «сөз мағынасы» деген мәнге ие, тілдің құрылымдық бөлігі және тілдің қазіргі сөздік жүйесін, сөздердің қалыптасуы мен дамуын зерттейді, сөздің барлық қолданыстарына тән нысандар жиынтығын қамтиды. Лексема терминін алғаш рет 1918 ж. А.М. Пешковский қолданды. Тіл білімі тұрғысынан сөз — лексема мен семеманың бірлігі, айтылуы жағынан сөз — лексема, ал мазмұны жағынан семема болады. Лексема бір семеманы: мысалыға, «*бешпент*», «*сәукеле*», «*иткөйлек*», «*бөрік*» т.б., немесе бірнеше семема жиынтығын да көрсете алады, мысал келтіретін болсақ – “*көйлек*”: а) *көйлек* – әйелдерге арналған киімнің бір түрі; ә) ерлер жейдесі; б) *киім* т.б. Сөздерді стилистикалық тұрғыдан топтастырады, әдеби тілде сөз қолдану нормаларын, кәсіби сөз, диалектілер, көнерген сөздер мен жаңа атаулар, сөз тіркестері, терминдер мәселелерін қарастырады. Семантикалық мағынасына қарай ең көп тараған сөздер, бұл адам өмірінің тұрмыс-тіршілігін білдіретін, ұғым беретін лексемалар болып келеді. Енді біз солардың бағзы бір түрі «етек» лексемасының тілдегі қолданысы - әдеби шығармаларда, фразеологиялық-паремиологиялық жүйеде сақталған тілдік деректерден, салт-дәстүрге қатысты лексеманың аңғаруға болады.

Етек лексемасының өзі бірнеше мағынаны иеленетіні белгілі. Төмендегі кестеде «етек» лексемасының мағыналары көрсетілген.

1-кесте: Етек лексемасының мағыналары.

Етек		
киімнің төменгі жақ шеті.	тау, өзен сияқты әртүрлі табиғи құбылыстардың төменгі жағы.	төрге қарама қарсы жақ, төмендеу жер [1,465].

Осы мағыналарды саралай келе етек белгібі бір заттың не дүниенің төменгі бөлігі, шеті, не аяғы деп тұжырым жасауға болады.

Қашқаридың сөздігіндегі «eteklik (етеклік) – етек.; eteklik böz (етеклік бөз) – етек тігілетін бөз; киімнің етекте екендігін білдірмекші болғанда – «eteklig ton (етегліг тон) – етекте тон дейді» деген сөздер кездеседі [2,182]. Осыдан IX ғасырдың өзінде-ақ етек сөзі киімге қатыстырылып айтылғанын аңғарамыз. Сонымен, Түрік тілінің сөздігінде қолданылған етек лексемасының мазмұны да етек ұғымының таудың, төрдің төменгі бөлігі емес түркілік этноболмысты танытатын киімнің етегі екенін көрсетеді.

«**Etek**» сөзі түрік тілінде кездеседі және қазақшаға аударғанда белдемше деген мағынада сақталып қалған. Етек лексемасы түрік тілінен басқа, қазіргі туыстас түркі тілдерінде әзірбайжан, өзбек, татарда (итәк) кездеседі.

Ә.Қайдар еңбегінде қоғам → киім-кешек → жалпы киім – кешекке байланысты атаулар мен ұғымдар бөлінісінде: «**етек** – киім өңірінің төменгі жағы» деп анықтама береді [3,278]. Шығармалардағы үзінділерден мынадай мысалдарды кездестіреміз: *Айдай мен Нұрперзент аяқкиімдерін шешіп, суды тізеден кешіп өтті. Айдай көк сәндік көйлегінің етегін түріңкіреп алды* [4,111]. *Әдетте тоқылатын заттар етегін жағасына қарай, қонышынан басына қарай тоқылады* [5]. Тілімізде етек түбірін негізге ала отырып *етеккір, етекқұмар, етекбасты* т.б. осы секілді сөзжасамдар құралған. **Етекбасты** – кедергі, бөгет, қиянат мағынасын береді, ал **етеккір** – ай сайын қанның жаңаруына байланысты болып тұратын әйелдерге тән физиологиялық процестің эвфемистік атауы. Оны ауыз екі тілде кейде қонақ деп те атай береді [3,279]. Сонымен қатар, етек сөзімен сыңарласып жасалған *етек-метек, етек-етек, етек-жаға, етек-жең* қос сөздер де тілімізде кездеседі. **Етек-метек** – ұлттық ойынның бір түрі: бір үйде отырғандар екі адамға (қыз бен жігітке) өзара ашық сөйлесу үшін басқалар «илағу» айтып, «сиыр сауыны бар еді» деп сылтау айтып шығып кетеді; ал, **етек-жең** адам кигеніне тән негізгі бөлшектері – етегі мен жеңі осы киімнің түгел сұлбасы дегенді аңғартады [6,142]. Осы тұста етектің түрлерін атап айтатын болсақ, олар: **орта етек, бақай етек**. Бұрынғы уақытта әйел көйлегінің етегі өте ұзын болған жіне оған бірнеше жерден етек салған; төменірек орта шенінен салынған ертекті **орта етек**, одан кейінгісін **бақай етек** деп атаған [3,279].

Тілдегі фразеологиялық құрылым лексикалогияның ең бай негізі болып табылады. Фразеологиялық тіркестердің жаңа бір түсінік, жаңа бір мағына арқылы көбеюі сол халық тілінің даму ерекшеліктерімен ұлттық мәдениеттің мағыналық байлығын көрсетеді. Фразеологизмдер тілдік мағына және құрылымы тұрғысынан ерекше болып келеді. Етек лексемасы кездесетін тұрақты тіркестерге мысалдар тізбегін кесте арқылы төмеде көрсетіп отырмыз.

2-кесте: Етек лексемасы кездесетін тұрақты тіркестер тізбегі.

№	Тұрақты тіркестер	Мағынасы	Көркем шығармалардан мысал
1.	Етегінен ұстау	1)соңынан ілесті, артынан қалмады; 2)біреуге үміт артып, онымен өмір бақи бірге болуға бел байлау	1) <i>Рахмет, айналайын, көп жаса, Осы ағаңның етегінен ұста. Не десе, соны орында</i> (Е.Домбаев, Ғашытық туралы баллада). 2) <i>Ақбөпе тағы біреудің етегінен ұстайтын болса, балалардан</i>

			<i>біржолға күдеріңді үзе бер</i> (С.Жүнісов, Жапандағы жалғыз үй).
2.	<i>Етегінен тарту</i>	біреудің болғанын көре алмай, әртүрлі әрекет жасап, ілгерілеуіне қарсылық жасау	<i>Сіздің үстіңізден арыз түсті. Бір бірінің етегінен тартып, ілгері басқанның аяғынан шалу қашан қалар екен осы!</i> (М.Дүйсенов, Гүлжан сүйеді).
3.	<i>Етек бастыны көп көру</i>	біреудің әдейі істеген кедергісін, жолына тосқауыл болуын көп көру	
4.	<i>Етегінен ұшынды</i>	жігіттің желеңдікке бй алдырып, жеңіл жүріспен әуейіленуі	<i>Сұлкең жиырма жасынан бастап-ақ етегінен ұшынды да, бозбалалықтың соңына түсті</i> (Қ.Жұмалиев, Шығармалары).
5.	<i>Етегіне оралды</i>	жабысып алып соңынан қалмады деген мағына береді	<i>Аш мал ұлардай шулап, көздері жәутеңдеп, оның етегіне оралды</i> (С.Иманасов, Шығармаларынан).
6.	<i>Етегіне от тигендей</i>	қатты қорықты, шошыды мағынасын береді	<i>Аш мал ұлардай шулап, көздері жәутеңдеп, оның етегіне оралды</i> (С.Иманасов, Шығармалар жинағынан).
7.	<i>Етегіне сәжда қылды</i>	ақпейіл болғансып, еш күнәлі болмағансып жүрген суық жүрісті, арам кісі туралы айтылады	
8.	<i>Етегіне сүрініп жатты</i>	шаруалары көбейіп қолы босамаған кезде айтылады	<i>Онда істейтін қатындар жұмысқа кетер алдында үйдегі шаруасын үлгіре алмай етегіне сүрініп жатты</i> (Ә.Нүрпейісов, Шығармаларынан).
9.	<i>Етегін желпінбеді</i>	ар-ұятын ойлап ақылға келіп, келеңсіздік жасамаған кезде айтылады	<i>Бірақ есті әйел етегін желпінбей қымтанып, райға келеді</i> (Қазақ әдебиеті).
10.	<i>Етегін көрді</i>	жақындасты, көңілдес болды, босамады деген мағына береді	<i>Бала түгіл сыбыл жоқ, Бедерге бала бермек ең. Бедеу қатын қылды ма, Сен ентегін көрмеген</i> (Қаз. ақын. шығ.).
11.	<i>Етегін төсек, жеңін жастық қылды</i>	қиын-қыстау кезеңды бастан өткізу, жанын аямау	<i>Бұл халық қамын ойлаған ер азаматтың етегін төсек жеңін жастық қылған тар жол, тайғақ кешу жаманы еді</i> («Парасат»).
12.	<i>Етегінің желі бар</i>	жеңіл мінезді, жеңіл жүрісті деген мағына үстейді	<i>Оңаша қалғаннан бері оғаш мінез танытып жүрген етегінің желі бар жас келіншек күйеуінің қырын күтпестен, әйелі өлген қараң біреуге тиіп алды</i> (М.Мағауин, Ақша қар).
13.	<i>Етегі сынып жүр</i>	әйел адамның	<i>Етек сынып жүргенде тазалық</i>

		етеккірі келіп жүр дегенді білдіреді	<i>сақтау керек</i> (Денсаулық).
14.	<i>Етегі таза</i>	бұзық жүрісі жоқ, күнәдан пәк, адал деген мағына береді	<i>Ұлы сөздің ұяты жоқ. Күйеуінің көзіне шөп салмаған етегі таза жас келіншек отқа жығылғанның үстінен аттап өтсе, кідіріп қалған оқ түседі ддеуші еді</i> (О.Әубәкіров, Ұзын сөздің қысқасы).
15.	<i>Етек алды</i>	кең тарады, жайылды.	<i>Жұпалы аурулардың халақ арасында етек алып келгені туралы толып жатқан мәліметтер бар</i> (Ж.Сұлтанов, Аурулар.).
16.	<i>Етек аралас</i>	екіқабат болған, аяғы ауыр блып қалған адамға айтылады.	<i>Арасы бір жарым, екі жасар аралығындағы үйелмелі-сүйелмелі үш баласы бар еді, тағы ба етек аралас болып алыпты</i> («Жұлдыз»).
17.	<i>Етек жайды</i>	1) кеңінен тарады, өріс алды деген мағына үстейді; 2) тіленді сұранды деген мағыналар береді.	1) <i>Суырды браканьерлік жолмен аулау кең етек жайып отыр</i> (Х.Қыдырбаев, Терісі бағалы аңдар). 2) <i>Алтыннан абырой қымбат қыз балаға, Алтынды ақымақ болса ызгана ма. Өкпелеп жаман күйеу тұс келгенге, Болмасын етек жайды боз балаға</i> (М.Сералин, Гүлқашима).
18.	<i>Екі етегін түрінді</i>	1) бел шешіп кірісті, білегі сыбанды; 2) жоға түсті.	<i>Бізден бұрын өтіпті, Екі етегін түрініп, Әулие іздеп жүргенде, Ақ деген құлдар еңіреніп</i> (Б.Өтемісов, Өлеңдер жинағы)
19.	<i>Ес біліп/жиып, етегін жапты</i>	1) есейіп ер жетті; 2) ел қатарына қосылды, адам болды.	<i>Ол өзі ес біліп, етек жапқалы дәл бұлай егіліп жылап көрген жоқ-ты</i> (Лен.жас) Міне ес

«Етек» лексемасының танымымыздағы алатын ұғымы мен мағынасы өте кең. Оны тіліміздегі етекке қатысты мынадай мақал-мәтелдерден байқаймыз:

1. ***Етегі*** жаман төрге шыға алмас, жеңі жаман ас іше алмас.
2. ***Етегі*** толғанға тезек кездеседі.
3. ***Етегім*** бе, жеңім бе, осы менің теңім бе?!
4. ***Етегі*** ұзын болса, аяғыңы орайды.

Аузың ұзын болса, басыңды орайды.[7,615]

Осылайша, IX ғасырдан бастап, қаншама уақыт бойы қолданылып келе жатқан «етек» лексемасы кейінгі дәуірлерде түрлі сөздерді, тілдік бірліктерді жасауға қатысқанымен, осы бірліктердің арасында басымдылық танытатыны киімнің, белдемшенің, не көйлектің етегі мағынасы екендігін көруге болады. Осыдан келе, етек сөзін киімнің бір бөлшегі деп қарастыра отырып, дизайн термині ретінде алсақ болады деген тұжырымдамаға келеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әбілқасымов Б., Бизақова С., Жүнісбекова Ә. және т.б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том. – Алматы, 2011. – 752 бет.
2. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Дуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы. Қазақ тіліне аударған, алғы сөз бен ғылыми түсініктер жазған А.Егеубай. – Алматы: Хант. 1997 .
3. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: «Қоғам» (2 т.) Алматы . 2013.
4. Мұртазаев, Шерхан. Мылтықсыз майдан : повестер мен әңгімелер. - Алматы : Жазушы, 1977. - 432 б.
5. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. ред. К. Шалқаров. - Алматы : Қазақстан, 1969. - 248 б.
6. Қайдар Ә. Қазақ тіліндегі қос сөздер: Зерттеу және сөздік. – Алматы: «Сардар», 2013. – 456 бет.
7. Шәріпханұлы М. Қазақтың мақал-мәтелдері. Үш томдық –Нұр-Сұлтан: «Мастер По» ЖСШ, 2011. -652 б.